

УДК 81-119

Қазақстандағы ұйғыр тіл білімінің қалыптасуы және дамуы**Арзиев Руслан Уйгурович**

филология ғылымдарының кандидаты, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы АОПҚБАИ «Жаратылыстану-ғылыми (гуманитарлық) пәндерді оқыту әдістемесі мен инновациялық технологиялар» кафедрасының доценті. 050019 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қабылов көш. 50, ruslanarziyev@gmail.com.

Түйін. Қазақстандағы ұйғыр тіл білімі ресей және кеңестік түркітанушылар еңбектері негізінде қалыптасты. Қазақстан өткен ғасырдың ортасында ұйғыртанудың орталығына айналды. Республикада Ғылым академияның қалыптасуына байланысты «Ұйғыр-дүнген мәдениеті» секторы ашылды, кейін бұл сектор Тіл білімі институтының құрамындағы ұйғыртану бөлімі болып өзгертілді. Республикада ұйғыр тіл білімінің қалыптасуы және дамуына осы бөлімнің көрнекті ғалымдары Ғ. Садвақасов, Ө. Қайдар, Т. Талиповтар үлкен үлес қосты. Осы ғалымдардың қажырлы еңбегі арқасында ұйғыр тіл білімі Республикадағы ұйғыртанудың жетекші бір саласы болып есептеледі.

Түйін сөздер: ұйғыр тіл білімі; Қазақстан; Ұйғыртану бөлімі; Ғ. Садвақасов.

Қазақстандағы ұйғыр тіл білімі Ресейден кейін Совет түркологиясы негізінде қалыптасты. Ресейлік ғалымдардың ұйғыр тілі бойынша еңбектерін ежелгі ұйғыр тілі бойынша және қазіргі ұйғыр тілі бойынша зерттеулер деп, екіге бөліп қарауға болады. Ресей түркологиясының негізін қалаған В.В. Радлов ежелгі ұйғыр тілінде жазылған ескерткіштерді зерттеуге шірек ғасыр өмірін арнаған. Ол VIII-XIII ғасырларда ежелгі ұйғыр тіліндегі діни, әдеби, құқықтық, ғылыми, эпистолярдық ескерткіштерге көбірек көңіл бөлген. Радлов ежелгі түрк, ұйғыр, мани, арап жазуларымен жазылған «Қутадғу білікті» (1890-1891 жылдары, ғалымның бұл шығарма бойынша зерттеулері өмірінің соңына дейін, шірек ғасыр жалғасқан), «Хуастуанифті» (1909 жылы), «Дишаствустик-сутраны» (1910 жылы), «Куанши им пусарды» (1911 жылы), «Алтун яруқты» (1913-1917 жылдары), құқықтық құжаттар сияқты шығармалардың транслитерациясын жасап, неміс, орыс тілдеріне аударып басып шығарған. «Қутадғу білікке» кіріспе ретінде 1893 жылы жазылған «К вопросу об уйгурах» атты еңбегінде сол кезге дейінгі ұйғырлар туралы жазылған еуропа және шығыс елдері ғалымдарының еңбектеріне шолу жасап, ұйғыр тарихы және мәдениетіне болған өзінің көзқарасын білдірген. Ежелгі ұйғыр тілі ескерткіштерінің тілі негізінде ғалым үлкен ұйғырша-немісше сөздік дайындайды. В.В. Радлов өзінің ежелгі ұйғыр тілі бойынша зерттеулерін өмірінің соңына дейін жалғастырған. «До последних дней своей жизни В.В. Радлов не прекращал работу над расшифровкой и подготовкой к изданию новых древнеуйгурских памятников. Смерть застала его, когда он занимался подготовкой к публикации большой записи хозяйственных дел – свитка из 220 строк, где имеются записи уйгура в течении почти 20 лет. В.В. Радлов успел сделать транскрипцию этого текста и приступил к его переводу на немецкий язык», – деп жазады Д.М. Насилов өзінің «В.В. Радлов и изучение древнеуйгурских памятников» деген мақаласында (Nasilov1972).

В.В. Радловтың шәкірті совет түркітанушының негізін қалаған ғалым ретінде танылған С.Е. Малов ежелгі ұйғыр тілімен бірге қазіргі ұйғыр тілін қатар зерттеген. Ол ұйғырлардың ата мекені болған Шығыс Түркістанға (Қазіргі ҚХР құрамындағы Шыңжаң-Ұйғыр автоном районына) екі мәрте ғылыми экспедицияға барған. Бірінші рет 1909 жылдан 1911 жылға дейін, екінші рет 1913 жылдан 1915 жылға дейін, жалпы алғанда, ұйғырлар арасында төрт жыл экспедицияда болған. С.Е. Малов төрт жылдық экспедициясының нәтижесінде

ұйғыр жазуында жазылған ескерткіштерден басқа, ұйғыр тілі диалекттері бойынша фольклордық, этнографиялық материалдарды жинайды. Ғалым жер көлемі бір миллион жеті жүз миң шаршы километр болатын Шынжаң-Ұйғыр автоном районының диалектілік ерекшеліктері бар барлық жерлерін аралап шығады. Ол Қумул, Турпан, Хотән, Кучар, Ақсу, Лопнур өңірлеріне ерекше көңіл бөледі. С.Е. Малов лопнур ұйғырларының тілінде ғана диалектілік ерекшелік байқалады, қалған өңірлердегі ұйғырлар тілдерінің айырмашылығы тек говорлық деңгейде, деп қарайды. Сонымен қатар Малов Қытайдың Ганьсу өлкесінде өмір сүретін сары ұйғырлар мен саларларға да барады. Осы экспедициялардың нәтижесінде ғалым бес кітап дайындайды (Malov 1951; Malov 1956; Malov 1957; Malov 1961; Malov 1967).

С.Е. Малов КСРО ұйғырларының тіл мәселелеріне де ерекше көңіл бөлген ғалым. Ұйғыр зиялы қауымының 1921, 1925, 1930 және 1937 жылдары ұйғыр әдеби тілі, жазу, терминология, емле бойынша өткізілген конференцияларына белсенді қатысқан. Өзінің құнды пікірлерімен аталған конференцияларда ұйғыр халқының саяси, мәдени өмірінде үлкен маңызға ие болған шешімдердің ғылыми принциптерге негізделіп қабылдануына зор септігін тигізген.

Бұл екі ғұлама ғалымды заманауи ұйғыр тіл білімінің негізін қалаушы ғалымдар деп қарауға болады.

Кеңес кезінде де ұйғыр тіліне болған мемлекеттік деңгейдегі қызығушылық өз жалғасын тапты. Өткен ғасырдың 30 жылдары Мәскеу, Ленинград қалаларындағы жоғарғы оқу орындарында ұйғыртану кафедралары ашылды. Нәтижеде қазіргі және ежелгі ұйғыр тілі бойынша А.К. Боровков (Borovkov 1935), В.М. Насилов (Nasilov 1940, Nasilov 1963), Ө. Нәжип (Nadjir 1960), секілді ғалымдардың оқулықтары, ғылыми еңбектері, Н.А. Баскаков пен В.М. Насиловтың (1939), Ө. Нәжиптің (1968) сөздіктері жазылды. В.И. Новгородский (1951) мен Т. Рахимовтардың (1970) ұйғыр тіліндегі қытай сөздері туралы еңбектері жарық көрді.

Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап ұйғыртану орталығы Ресейден Қазақстанға ауысты десек болады. 1946 жылы Қазақстан ғылым академиясы құрылған кезде, оның құрамында Ұйғыр-дүнген мәдениеті секторы ашылады. 1963 жылы бұл сектор Қазақстан ғылым академиясы Тіл білімі институты құрамына өтіп, ұйғыртану бөлімі болып өзгертіледі. Осы бөлімге жиналған тілші жастардың ғылыми зерттеулерінің алғашқы жемістері көріне бастады. 1963 жылы «Қазіргі заман ұйғыр тілі» атты ғылыми еңбектің 1-томы жарық көреді (Uyghur tili 1963). Бұл томда қазіргі ұйғыр тілінің фонетикасы, лексикасы алғашқы рет жүйелі түрде жан-жақты зерттеледі. Бұл томды жазуға Ғ. Садвақасов, Ө. Қайдар және Т. Талиповтар қатысады. Төрт жылдан кейін, яғни 1966 жылы қазіргі ұйғыр тілінің морфологиясы және синтаксисін совет түркологияның соңғы жетістіктері негізінде зерттеген «Қазіргі заман ұйғыр тілінің» 2-томы жарық көреді (Uyghur tili 1966). Бұл екі томдық еңбек қазіргі ұйғыр тілі бойынша жазылған алғашқы академиялық грамматика еді. Ұйғыртану бөлімінің жас мамандары Ғ. Садвақасов, А. Қайдаров, Т. Талипов, Ш. Кибиров, О. Жамалдинов, Ю. Цунвазо, И. Семәтов, И. Мусазаевтардың қатысуымен жазылған бұл еңбек кейін арап жазуында ұйғыр тілінде 1983-жылы Үрімшіде, қытай тіліне аударылып 1988 жылы Пекинде жарық көрді. Демек ұйғырлардың тарихи отаны болған Шынжаң-Ұйғыр автоном районында да 1980 жылдарға дейін дәл осы еңбек секілді ұйғыр тілі бойынша жоғары теориялық деңгейде жазылған еңбектер болмаған. 1980 жылдардың екінші жартысынан бастап ұйғыртанудың орталығы айналған бұл өлкеде қазір ұйғыр тіл білімі бойынша жазылып жатқан жалпытүркологиялық маңызға ие үлкен еңбектер өз бастауын Қазақстан ғылым академиясы Тіл білімі институты Ұйғыртану бөлімі тілшілері

дайындаған екі томдық «Қазіргі заман ұйғыр тілі» атты еңбектен алады деп сенімді түрде айта аламыз. 1989 жылы осы еңбектің негізінде орыс тілінді «Ұйғыр тілінің құрылымы» атты еңбек жарық көрді (Stroy 1989).

Қазақстан ұйғыр тіл білімінің қалыптасуына және дамуына Қазақстан Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғ. Садвақасовтың еңбегі өте зор. Ол 1950 жылы Абай атындағы Қазақ Педагогика институты филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша аяқтайды. Сол жылы Қазақстан ғылым академиясының Ұйғыр-дүнген мәдениеті секторының аспирантурасына оқуға түседі. 1957-жылы «Қазіргі ұйғыр тіліндегі зат есімдердің жасалуы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1961, 1962, 1967 және 1970-жылдары Өзбекстанда өмір сүретін ұйғырлардың тілін зерттеу мақсатында диалектологиялық экспедицияға барады. Өзбекстанның ұйғырлар көп шоғырланған Ферғана өлкесіндегі ұйғыр ауылдарын аралап, тілдік, фольклордық материалдар жинайды. Бұл зерттеулерінің нәтижесінде ғалым 1972-жылы «Ферғана ұйғырларының тілі және ұйғыр, өзбек тілдері диалектілерінің өз ара әсері проблемасы» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. Ғалымдың Ферғана ұйғырларының тілі туралы зерттеулері «Ферғана ұйғырларының тілі» атты екі томдық еңбек болып жарық көреді. 1970-жылы жарық көрген 1-томда Ферғана ұйғырлары тілінің фонетикалық ерекшеліктері зерттеліп, мәтіндер мен сөздік берілген болса (Sadwakasov 1970), 1976-жылы жарық көрген 2-томында Ферғана ұйғырлары тілінің лексикалық және морфологиялық ерекшеліктері зерттелген (Sadwakasov 1976). Сонымен қатар ғалым бұл еңбегінде ұйғыр және өзбек тілдері диалекттерінің өзара әсері туралы да талдау жүргізеді. Ғ. Садвақасовтың бұл еңбегі жоғары бағаланып, 1977-жылы Қазақстан ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болады. Ғ. Садвақасов Қазақстанда қалыптасып, дамып бара жатқан ұйғыр әдеби тілінің емле ережелерін түзіп, емле сөздігін (А. Илиевпен бірге) жазуға да қатысқан (Sadwakasov, Iliev 1961). Ғ. Садвақасов ғылыми жұмыстарынан басқа ұйғыртану бойынша зерттеулерді ұйымдастырушы ретінде де белгілі ғалым. Ол Қазақстан ғылым академиясы Тілбілімі институты жанында ашылған ұйғыртану бөлімін, кейін осы бөлім негізінде құрылған Ұйғыртану институтын ұзақ жылдар бойы басқарған.

Қазақстандағы ұйғыр тіл білімінің ғылыми негізін қалауда Қазақстан Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбдуәли Қайдардың еңбегі ерекше. Ұлы Отан соғысының ардагері Әбдуәли Қайдар да өзінің ғылымдағы жолын Қазақстан ғылым академиясының Ұйғыр-дүнген мәдениеті секторының «ұйғыр тілі» мамандығы бойынша аспирантурадан бастайды (1951-1954). Ғалым 1955-жылы «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғайды. Кейін бұл еңбек 1958-жылы монография болып Қазақстан ғылым академиясының баспасынан жарық көреді (Kaydarov 1958). 1962 жылы жас ғалымдың «Ұйғыр тілі мен әдебиеті» атты ұйғыртанудағы алғашқы мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші жарық көреді. Ә. Қайдардың 1969-жылы «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы (Ұйғыр диалекттері және әдеби тілдің диалекттік негізі)» атты үлкен еңбегінің 1-бөлімі жарық көреді (Kaydarov 1969). «Кітапта жалпыхалықтық ұйғыр тілінің барлық диалектілік көріністері, сондай-ақ олардың қазіргі совет ұйғырлары мен Шыңжаң ұйғырлары әдеби тілімен қарм-қатынасы жан-жақты қаралды. Мұнда ұйғырлардың халықтық сөйлеу тілі ерекшеліктері, жалпыхалықтық тілдің диалектілер мен говорларға жіктелуінің негізгі белгілері мен ғылыми принциптері айқындалып, СССР-де, Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы районында қолданылатын

ұйғыр әдеби тілінің екі түрлі нұсқасының диалектілік негізде нормалану барысы егжей-тегжейлі зерттелді», деп жазады ғалым туралы қысқаша очеркте әріптесі академик Р. Сыздықова мен шәкірті филология ғылымының докторы Е.З. Қажыбеков (Kaydarov Abduvali 1994, Р. 30). Бұл монография ғалымдың келесі жылы қорғаған доктордық диссертациясын негізі болады. Түркология ғылымының дамуына үлкен үлес болып қосылған бұл еңбегі үшін ғалым 1971-жылы Ш. Уәлиханов атындағы 1 дәрежелі сыйлыққа ие болады. Академик Әбдуәли Қайдар ұйғыр тілінің барлық салалары бойынша дерлік елеулі еңбектер жазған ғалым. Ғалымдың әр бір мақаласы ғылыми тиянақтылығымен және зерттеліп жатқан тақырыптың теориялық, практикалық жақтарын терең меңгеріп оларды шеберлікпен ұштастыра отырып жазылғандығымен ерекшеленеді. 1961 жылы Алматыда жарық көрген «Ұйғырша- орысша сөздікке» (Kaydarov 1961), «Ұйғыр тілінің қысқаша грамматикалық очеркі», 1966 жылы Мәскеуде жарық көрген «КСРО халықтары тілдері: түркі тілдері» кітабына «Ұйғыр (жаңа ұйғыр) тілі» атты мақалаларды жазады. Әбдуәли Қайдар түрлі баспаларда жарық көрген ұйғыр тілнің тарихы (Kaydarov 1969), стилистикасы (Kaydarov 1961; Kaydarov 1966; Kaydarov 1969), лексикологиясы (Kaydarov 1961; Kaydarov 1970(1)), этнолингвистикасы (Kaydarov 1972), орфографиясы (Kaydarov 1973), терминологиясы (Kaydarov 1965; Kaydarov 1987) басқа тілдермен өзара байланысы (Kaydarov 1970(2); Kaydarov 1973; Kaydarov 1987) салалары бойынша бірнеше мақалаларды жазды.

Ұйғыр тіл білімі туралы сөз болғанда, Ғ. Садвақасов, Ө. Қайдарлар қатарында филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Талиповтың фамилиясы да аталады. Замандас, құрдас және дос болған үш ғалым ұйғыр тіл білімінің үш алып бәйтерегі еді. Олардың ғылымдағы жолы да ұқсап кетеді. Т. Талипов та 1953-1957 жылдары Қазақстан ғылым академиясының Ұйғыр-дүнген мәдениеті секторының аспирантурасында оқиды. Ғалымдың негізгі зерттеу тақырыбы ұйғыр тілінің фонетикасы болды. Оның кандидаттық та, докторлық та диссертациялары ұйғыр тілінің фонетикасына арналды. Ғалым 1960 жылы «Қазіргі ұйғыр тіліндегі даусты дыбыстар жүйесі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған болса, 1983-жылы «Ұйғыр тілінің фонетикалық жүйесінің тарихи дамуы (салыстырмалы-тарихи зерттеу тәжірибесі)» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғаған. Түркітанушы фонетистер бұл еңбекті жеке бір тілдің фонетикасының салыстырмалы-тарихи және типологиялық аспект бойынша алғашқы зерттеу ретінде жоғары бағалады. Т. Талипов түркі тілдерінің грамматикасына байланысты әлі бір шешімін таба алмай келе жатқан маңызды мәселелер бойынша да өзінің тың ойларымен, талдауларымен бөліскен ғалым. Т. Талиповтың «Түркі тілдеріндегі -лар қосымшасының бір фонетикалық формасы туралы» (Talipov 1987), «Түркі тілдеріндегі оғлақ/лақ формасындағы сөздің фонетикалық өзгеруі мәселесі» (1980), «Түркі тілдері тарихындағы еркелету-құрметтеуді білдіретін ежелгі -қы қосымшасының фонетикалық өзгерісін түсіндіру» (Talipov 1982), «Түркі тілдері тарихында анлауттың сонорлану мәселесі» (1983), «Түркі тілдері тарихында ежелгі -ығ жұрнағының құрылымдық-фонетикалық өзгеруі» (Talipov 1986), «Түркі тілдерінде табыс септік жалғауының келіп шығуы туралы» (Talipov 1990), «Түркі тілдеріндегі -мач/-мача жұрнағының келіп шығуы туралы» (Talipov 1990) атты мақалаларында ғалым өзінің тілдің ішкі даму, өзгеру заңдылықтарын, логикасын терең түсінетінін, түрлі лингвистикалық материалды оңтайлы қолдана білетін маман екендігін көрсетті.

Қазақстан ұйғыр тіл білімінің лексикология, грамматика салаларының қалыптасып дамуына аға буын өкілдері ғалымдар Шавдун Кибиров, Октябр Жамалдинов, Ильяс Семәтов және Шеривахун Баратовтардың үлесі үлкен

болды. Ш. Кибиров ұйғыр және орыс тілдерінде жарық көрген «Қазіргі ұйғыр тілі» еңбегінің етістіктер туралы бөлімін жазған. О. Жамалдинов ұйғыр тіл білімі тарихында алғашқы фразеологизмдардың сөздігін жазған ғалым (Jamaldinov 1993). Бұл сөздікте үш мыңға жуық фразеологиялық бірліктердің мағыналары ұйғыр ауыз әдебиеті, Қазақстан ұйғыр әдебиетінен мысалдар арқылы түсіндірілген. Ш. Баратовтың негізгі зерттеу саласы ұйғыр тілінің кәсіби лексикасы болды. Ғалым ұйғыр тіліндегі диқаншылыққа байланысты сөздер туралы жазған еңбегі 1975 жылы жарық көреді (Baratov 1975).

Орта буын тілшілер өкілдерінен атақты түркітанушы Н.А. Баскаковтың шәкірті филология ғылымдарының докторы, профессор Валерий Махпиров өзінің еңбектерінде ежелгі түрк, ұйғыр тілдерінде жазылған ескерткіштердегі жалқы есімдерді зерттеп келе жатыр (Makhpirov 1990; Makhpirov 1997). Зәйнәп Исламова ұйғыр тіліндегі аспаздық лексикасын (Islamova 2000), Гүлбаһар Семәтова ұйғыр тіліндегі филологиялық терминдерді (Semyatova 1988), Рошәнгүл Авакова қазіргі ұйғыр тіліндегі етістік фразеологизмдерді (Avakova 1991), Юнусова Мунавар ұйғыр әдеби тілінің орфоэпиясын (Yunusova 1998), Заһидәм Ивуллаева ұйғыр тіліндегі синонимдерді, емле мәселелерін (Nevullaeva 1997; Sedwaqasov 2012), Руслан Арзиев Жүсіп Баласағұнды «Құтты білік» поэмасының тілін, қазіргі ұйғыр тілін (Arziev 1996; Arziev 2006), Дилнур Қасимова ұйғыр тілінің Қазақстандағы қызметін және оның қолдану формаларын (Kasimova 1995), Гүлниса Нәзәрова қазіргі ұйғыр тіліндегі дәрілік есімдіктер аттарын (Nazarova 1992), Бахамова Адаләтбұви Қазақстан ұйғырлары арасындағы лақап аттарды (Bakhamova 2004), Шәмшидин Аюпов ұйғыр тіліндегі қолөнер лексикасын (Ayupov 1998) зерттеп, сол тақырыптар бойынша өздерінің ғылыми еңбектерін жазды.

Екіншіке орай кейінгі жылдары ұйғыр тіл біліміне келген жастар саны онша көп емес. Бұл жерде біз профессор Т. Талиповтың шәкірті Х. Масимованың (Masimova 2005), профессор Р. Авакованың шәкірттері Р. Бавдинов (Bawdinov 2006) пен А. Қурванбақиеваның (Kurwanbakieva 2009), профессор В. Махпировтың шәкірті Д. Турдиеваның (Turdieva 2010) есімдерін ғана атап өте аламыз.

Қорытынды. Түркологияның үлкен тармақтарының бірі болған ұйғыр тіл білімі саласының ғылыми негізде қалыптасып, дамуына Ресей кейіннен Совет ғалымдарының үлесі үлкен болды. 1950 жылдардан бастап ұйғыртанудың орталығы Қазақстанға ауысты. Ғ. Садвақасов, Ө. Қайдар, Т. Талипов секілді ғалымдардың қажырлы еңбегі арқасында ұйғыр тіл білімі үлкен жетістіктерге жетті. Ұйғыр тілінің екі томдық алғашқы академиялық грамматикасы жазылды. Кейін бұл еңбек қытай тіліне аударылып, Пекинде басылған болса, арап жазуына көшіріліп Үрімжіде жарық көрді.

1980-2010 жылдар аралығында қорғалған ұйғыр тілі бойынша он үш кандидаттық диссертацияның оны лексикологияға қатысты болған. Бұл кейінгі ұрпақ ғалымдарының ұйғыр тілінің сөздік қорын терең, жан-жақты зерттеуге ерекше көңіл бөліп жатқанының белгісі болса керек.

Әдебиеттер тізімі / Список литературы

1. Авакова Р. Семантико-морфологическая характеристика глагольных фразеологизмов современного уйгурского языка. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1991. – 28 с.
2. Арзиев Р. «Құтадғу билик» вә униң лексика-стилистикалық алаһидиликлири. – Алмута, 1996. – 226 б.
3. Арзиев Р. Уйғур тили. – Алмута, 2006. – 448 б.
4. Аюпов Ш. Ұйғыр қолөнерінің лексикасы (зергерлік, етікшілік және теміршілік атаулары негізінде). Филол. ғылымд. канд.... дис. авторефераты. – Алматы, 1998. – 30 б.

5. Бавдинов Р. Лингвокультурологическое поле «земля-земледелие» в древнеуйгурском и современном уйгурском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2005. – 28 с.
6. Баратов Ш. Уйғур тилиниң кәспий лексикиси. – Алмута, 1975.
7. Бахамова А. Уйгурские прозвища и их этнолингвистическая характеристика. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 28 с.
8. Боровков А. Учебник уйгурского языка. – Л., 1935.
9. Жамалдинов О. Уйғур тили фразеологиясиниң изаһлиқ лугити. – Алмута, 1993. – 248 б.
10. Исламова З. Уйғур тилиниң ашпәзлик лексикиси. – Алмута, 2000. – 112 б.
11. Кайдаров А. Парные слова в современном уйгурском языке. – Алма-Ата, 1958. – 158 с.
12. Кайдаров А. Развитие современного уйгурского литературного языка. – Алма-Ата, 1969. – 359 с.
13. Кайдаров А. Частицы как стилистическое средство выражения экспрессивно-эмоциональных оттенков речи в уйгурском литературном языке // Развитие стилистических систем литературных языков народов СССР. – Ашхабад, 1966. – С. 24-25.
14. Кайдаров А. О фразеологических вариантах в уйгурском языке // Сов. Тюркология. – 1970. – №2. – С. 70-81.
15. Кайдаров А. Уйгурские имена // Уйгурско-русский словарь. – Алма-Ата. – 1961. – С. 284-288.
16. Кайдаров А. Этнолингвистические объяснения прозвищ у уйгуров: (Тез. докл. на 11 конгрессе ономастов) // Comite National Bulgare des sciences onomastiques: 11-e congress International des sciences onomastiques. Sjfia, 28 juin – 4 juillet 1972. Rezumes des communications. - Sofia, 1972. – S.106.
17. Кайдаров А. Уйгурский литературный язык и вопросы разработки научных принципов терминотворчества // Исследования по уйгурскому языку. – Кн.1. – Алма-Ата, 1965. – С. 5-59.
18. Кайдаров А. Уйгурско-монгольские языковые связи в области фонетики // Исследования по уйгурскому языку. – Кн.2. – Алма-Ата, 1970. – С. 57-67.
19. Кайдаров А. Некоторые аспекты взаимодействия уйгурского языка с казахским // Местные особенности в казахском языке. – Алма-Ата, 1973. – С. 24-31.
20. Кайдаров А. К проблеме уйгурско-монгольских языковых контактов // Исследования по уйгурскому языку. – Алма-Ата, 1988. – С. 6-26.
21. Кайдаров Абдуали Туганбаевич: Материалы библиографии ученых Казахстана. – Алматы, 1994. – 94 с.
22. Касымова Д. Функционирование уйгурского языка и формы его существования (социолнгвистическое исследование районов компактного проживания уйгуров в Казахстане). Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алма Ата, 1995. – 24 с.
23. Курванбакиева А. Мезуративные фразеологические единицы в русском и уйгурском языках. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2009. – 28 с.
24. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности: Тексты и исследования. – М.-Л., 1951.
25. Малов С.Е. Уйгурский язык. Хамийское наречие: Тексты, пер., слов. – Фрунзе, 1956.
26. Малов С.Е. Язык желтых уйгуров: Слов. и грамматика. – Алма-Ата, 1957.
27. Малов С.Е. Уйгурские наречия Синьцзяна: Тексты, пер., слов. – М., 1961.
28. Малов С.Е. Язык желтых уйгуров: Тексты и пер. – М., 1967.
29. Масимова Х. Исмәтулла Мөжизидиң «Төварих-и мусикиюн» трактатының фонетикалық және лексика-грамматикалық ерекшеліктері. Филол. ғылымд. канд.... дис. авторефераты. –Алматы, 1998. – 30 б.
30. Махпиров В. Древнетюркская ономастика. – Алматы, 1990.
31. Махпиров В. Имена далеких предков. – Алматы, 1997. – 302 с.
32. Наджип Э.Н. Современный уйгурский язык. – М., 1960.
33. Назарова Г. Названия лекарственных растений в современном уйгурском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алма Ата, 1992. – 24 с.
34. Насилов В.М. Грамматика уйгурского языка. – М., 1940.
35. Насилов Д.М. В.В. Радлов и изучение древнеуйгурских памятников // Тюркологический сборник 1971. – М., 1972. – С. 64-101.
36. Насилов В.М. Древнеуйгурский язык. – М., 1963.
37. Садвакасов Г.С. Язык уйгуров Ферганской долины. - Кн.1.– Алма-Ата, 1970. – 264 с.
38. Садвакасов Г.С. Язык уйгуров Ферганской долины. - Кн.2. – Алма-Ата, 1976. – 288 с.
39. Сәдвәқасов Ғ., Илиев Ә. Уйғур тилиниң имла лугити. – Алмута, 1961.
40. Сәдвәқасов Ғ., Илиев Ә., невуллаева З. Уйғур тилиниң имла лугити. – Алмута, 2012. – 732 б.
41. Семятова Г. Формирования филологических терминов в современном уйгурском языке. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1988. – 28 с.
42. Строй уйгурского языка. – Алма-Ата, 1989.
43. Талипов Т.Гласные звуки уйгурского и казахского языков. – Алма-Ата, 1968. – 108 с.
44. Талипов Т. Развитие фонетической структуры уйгурского языка. – Алма-Ата, 1972. – 98 с.
45. Талипов Т. Уйғур тили фонетикиси. – Алмута, 1984. – 128 б.
46. Талипов Т. Фонетика уйгурского языка (Очерки исторического развития). – Алма-Ата, 1987. – 256 с.

47. Талипов Т. К вопросу о тенденции соноризации анлаута в истории тюркских языков // Актуальные проблемы советского уйгуроведения. – Алма-Ата, 1983. – С. 49-52.
48. Талипов Т. Структурно-фонетическая модификация древнетюркского аффикса –ығ в истории тюркских языков // Фонетика языков Сибири и сопредельных регионов. – Новосибирск, 1986. – С. 156-159.
49. Талипов Т. О генезисе словообразовательного аффикса –мач/-мача в тюркских языках // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата, 1990. – С. 226-232.
50. Турдиева Д. Гендерные отношения во фразеологических системах французского и уйгурского языков. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алматы, 2010. – 28 с.
51. Һазирқи заман уйғур тили. 1-қисим. Фонетика ۋە лексикология. – Алмута, 1963. – 264 б.
52. Һазирқи заман уйғур тили. 2-қисим. Морфология ۋە синтаксис. – Алмута, 1966. – 456 б.
53. Һевуллаева З. Уйғур тили синонимлириниң луғити. – Алмута, 1997.
54. Юнусова М. Ўйғыр әдеби тілінің орфоэпиясы. Филол. ғылымд. канд.... дис. авторефераты. – Алматы, 1998. – 24 б.

References

- Arziev 1996 – Arziev, R 1996, «*Qutadghu bilik*» we uning leksika-stilistikiliq alahidilikliri, Almaty, 226 p. (in Uygh).
- Arziev 2006 – Arziev, R 2006, *Uyghur tili*, Almaty, 448 p. (in Uygh).
- Awakova 1991 – Awakova, R 1991, *Semantiko-morfologicheskaya kharakteristika glagol'nikh frazeologizmov sowremennogo uygurskogo yazika*. Awtoref. dis. ... kand. filol. nauk, Alma-Ata, 28 p. (in Rus).
- Ayupov 1998 – Ayupov, Sh 1998, *Uyghir qolönerining leksikasi (zergerlik, etikshilik jene temirshilik ataulari negizinde)*, Filol. ghilimd. kand.... dis. Awtoreferati, Almaty, 30 p. (in Kaz).
- Baratov 1975 – Baratov, Sh 1975, *Uyghur tilining kespiy leksikisi*, Almaty, (in Uygh).
- Bawdinov 2006 – Bawdinov, R 2006, *Lingwukul'turologicheskoe pole "zemlya-zemledelie" w drewneuygurskom i sowremennom uygurskom yazike*. Awtoref. dis. ... kand. filol. nauk, Almaty, 28 p. (in Rus).
- Bakhamova 2004 – Bakhamova, A 2004, *Uygurskie prozwise i ikh etnolingwisticheskaya kharakteristika*. Awtoref. dis. ... kand. filol. nauk, Almaty, 28 p. (in Rus).
- Borowkov 1935 – Borowkov, A 1935, *Uchebnik uygurskogo yazika*, Leningrad. (in Rus).
- Hewullaeva 1997 – Hewullaeva, Z 1997, *Uyghur tili sinonimlirining lughiti*, Almaty, (in Uygh).
- Islamova 2000 – Islamova, Z 2000, *Uyghur tilining ashpezlik leksikisi*, Almaty, 112 p. (in Uygh).
- Jamaldinov 1993 – Jamaldinov, O 1993, *Uyghur tili frazeologiyasining izahliq lughiti*, Almaty, 248 p. (in Uygh).
- Kasimova 1995 – Kasimova, D 1995, *Funkcionirowanie uygurskogo yazika i formi ego sushestwowniya, Sociolingwisticheskoe issledowanie rayonow kompaktного projiwaniya uygurow w Kazakhstane*, Awtoref. dis. ... kand. filol. nauk, Alma-Ata, 24 p. (in Rus).
- Kaydarov 1958 – Kaydarov, A 1958, *Parnie slowa w sowremennom uygurskom yazike*, Alma-Ata, 158 s. (in Rus).
- Kaydarov 1961 – Kaydarov, A 1961, *Uygurskie imena, Uygursko-russkiy slowar'*, Alma-Ata, P. 284-288. (in Rus).
- Kaydarov 1965 – Kaydarov, A 1965, *Uygurskiy literaturniy yazik i woprosi razrabotki nauchnikh principow terminotworchestwa, Issledowaniya po uygurskomu yaziku*, Alma-Ata, Kn.1, P. 5-59. (in Rus).
- Kaydarov 1966 – Kaydarov, A 1966, *Chastici kak stilisticheskoe sredstvo wirajeniya ekspressiwno-emocional'nikh ottenkow rechi w uygurskom literaturnom yazike, Razwitiye stilisticheskix sistem literaturnikh yazikow narodow SSSR*, Ashxabad, P. 24-25. (in Rus).
- Kaydarov 1969 – Kaydarov, A 1969, *Razwitiye sowremennogo uygurskogo literaturnogo yazika*, Alma-Ata, 359 p. (in Rus).
- Kaydarov 1970 (1) – Kaydarov, A 1970, *O frazeologicheskikh wariantakh w uygurskom yazike*, Sow. Tyurkologiya, №2, P. 70-81. (in Rus).
- Kaydarov 1970 (2) – Kaydarov, A 1970, *Uygursko-mongol'skie yazikowie swyazi w oblasti fonetiki, Issledowaniya po uygurskomu yaziku*, Alma-Ata, Kn.2, P. 57-67. (in Rus).
- Kaydarov 1972 – Kaydarov, A 1972, *Etnolingwisticheskie ob'yasneniya prozwish u uygurow, Tez. dokl. na 11 kongresse onomastow, Comite National Bulgare des sciences onomastiques: 11-e congress Internatsional des sciences onomastiques*, Sfia, 28 juin – 4 juillet, Rezumes des communications, Sofia, P.106. (in Rus).
- Kaydarov 1973 – Kaydarov, A 1973, *Nekotorie aspekti wzaimodeystwiya uygurskogo yazika s kazakhskim, Mestnie osobennosti w kazakhskom yazike*, Alma-Ata, P. 24-31. (in Rus).
- Kaydarov 1988 – Kaydarov, A 1998, *K probleme uygursko-mongol'skikh yazikowikh kontaktow, Issledowaniya po uygurskomu yaziku*, Alma-Ata, P. 6-26. (in Rus).
- Kaydarov Abduvali 1994 – Kaydarow Abduvali Tuganbaevich 1994, Almaty, 94 p. (in Rus).
- Kurwanbakieva 2009 – Kurwanbakieva, A 2009, *Mezuratiwnie frazeologicheskie edinici w russkom i uygurskom yazikakh*, Awtoref. dis. ... kand. filol. nauk, Almaty, 28 p. (in Rus).

- Malov 1951 – Malov, SE 1951, *Pamyatniki drevnetyurkskoy pis'mennosti. Teksti i issledovaniya*, Moscow-Leningrad. (in Rus).
- Malov 1956 – Malov, SE 1956, *Uygurskiy yazik, Khamiyskoe narechie*: Teksti, per., slow., Frunze. (in Rus).
- Malov 1961 – Malov, SE 1961, *Uygurskie narechiya Sin'czyana*, Teksti, per., slow., Moscow. (in Rus).
- Malov 1957 – Malov, SE 1957, *Yazik jeltix uygurów*, Slow. i grammatika, Alma-Ata, (in Rus).
- Malov 1967 – Malov, SE 1967, *Yazik jeltikh uygurów*, Teksti i per., M., (in Rus).
- Masimova 2005 – Masimova, Kh 2005, *Ismetulla Mójiziding «Tewarikh-i musiqiyun» traktatining fonetikalıq jene leksika-grammatikalıq erekshelekteri*. Filol. ghilimd. kand.... dis. awtoreferati, Almaty, 30 p. (in Kaz).
- Makhpirov 1990 – Makhpirov, W1990, *Drevnetyurkskaya onomastika*, Almaty, (in Rus).
- Makhpirov 1997 – Makhpirov, W 1997, *Imena dalekikh predkow*, Almaty, 302 p. (in Rus).
- Nadjip 1960 – Nadjip, EN 1960, *Sowremenniy uygurskiy yazik*, Moscow, (in Rus).
- Nasilov 1940 – Nasilov, WM 1940, *Grammatika uygurskogo yazika*, Moscow, (in Rus).
- Nasilov 1963 – Nasilov, WM 1963, *Drevneuygurskiy yazik*, Moscow, (in Rus).
- Nasilov 1972 – Nasilov, DM 1972, W.W. Radlow i izuchenie drevneuygurskikh pamyatnikow, *Tyurkologicheskii sbornik*, Moscow, P. 64-101. (in Rus).
- Nazarova 1992 – Nazarova, G 1992, *Nazvaniya lekarstwennikh rasteniy w sowremennom uygurskom yazike*, Awtoref. dis. ... kand. filol. nauk, Alma-Ata, 24 p. (in Rus).
- Sadwakaşov 1970 – Sadwakaşov, GS 1970, *Yazik uygurów Ferganskoy dolini*, Alma-Ata, kn.1. 264 p. (in Rus).
- Sadwakaşov 1976 – Sadwakaşov, GS 1976, *Yazik uygurów Ferganskoy dolini*, Alma-Ata, kn.2, 288 p. (in Rus).
- Sedwakaşov 1961 – Sedwakaşov, Gh, Iliw, E 1961, *Uyghur tilining imla lughiti*, Almuta, (in Uygh).
- Sedwakaşov 2012 – Sedwakaşov, Gh, Iliw, E, Hewullaewa, Z 2012, *Uyghur tilining imla lughiti*, Almaty, 732 p. (in Uygh).
- Semyatova 1988 – Semyatova, G 1988, *Formirovaniya filologicheskikh terminow w sowremennom uygurskom yazike*, Awtoref. dis. ... kand. filol. nauk, Alma-Ata, 28 p. (in Rus).
- Stroy 1989 – Stroy uygurskogo yazika 1989, Alma-Ata, 472 p. (in Rus).
- Talipov 1968 – Talipov, T 1968, *Glasniy zwuki uygurskogo i kazakhskogo yazikow*, Alma-Ata, 108 p. (in Rus).
- Talipov 1983 – Talipov, T 1983, K woprosu o tendencii sonorizacii anlauta w istorii tyurkskikh yazikow, *Aktual'nie problemi sowetskogo uygurowedeniya*, Alma-Ata, P. 49-52. (in Rus).
- Talipov 1984 – Talipov, T 1984, *Uyghur tili fonetikisi*, Almaty, 128 p. (in Uygh).
- Talipov 1986 – Talipov, T 1986, *Strukturno-foneticheskaya modifikaciya drevnetyurkskogo affiksa -igh w istorii tyurkskikh yazikow, Fonetika yazikow Sibiri i soprdel'nikh regionow*, Nowosibirsk, P. 156-159. (in Rus).
- Talipov 1987 – Talipov, T 1987, *Fonetika uygurskogo yazika, Ocherki istoricheskogo razwitiya*, Alma-Ata, 256 p. (in Rus).
- Talipov 1972 – Talipov, T 1972, *Razwitie foneticheskoy strukturi uygurskogo yazika*, Alma-Ata, 98 p. (in Rus).
- Talipov 1990 – Talipov, T 1990, O genezise slowoobrazowatel'nogo affiksa -mach/-macha w tyurkskikh yazikakh, *Problemi etimologii tyurkskikh yazikow*, Alma-Ata, P. 226-232. (in Rus).
- Turdieva 2010 – Turdieva, D 2010, *Gendernie otnosheniya wo frazeologicheskikh sistemakh francuzskogo i uygurskogo yazikow*, Awtoref. dis. ... kand. filol. nauk, Almaty, 28 p. (in Rus).
- Uyghur tili 1963 – *Hazirqi zaman uyghur tili*, 1963, 1-qisim, Fonetika we leksikologiya, Almaty, 264 p. (in Uygh).
- Uyghur tili 1966 – *Hazirqi zaman uyghur tili*, 1966, 2-qisim. Morfologiya we sintaksis, Almaty, 456 p. (in Uygh).
- Yunusova 1998 – Yunusova, M 1998, *Uyghir edebi tilining orfoepiyasi*, Filol. ghilimd. kand.... dis. awtoreferati, Almaty, 24 p. (in Kaz).

Формирование и развитие уйгурского языкознания в Казахстане

Арзиев Руслан Уйгурович

кандидат филологических наук, доцент кафедры «Инновационных технологий и методики преподавания естественно-научных (гуманитарных) дисциплин» филиала АО НЦПК «Өрлеу» ИПКПРАО. 050019 Республика Казахстан, г. Алматы, Кабилова 50. E-mail: ruslanarziyev@gmail.com

Аннотация. Статья освещает основные этапы развития уйгурского языкознания в Казахстане, которое формировалось на основе разработок, созданных российскими и советскими тюркологами. С середины прошлого века центром развития уйгуроведческих исследований в Советском Союзе становится Казахстан. На начальном этапе исследования по уйгурскому языку проводились сотрудниками Сектора уйгуро-дунганской культуры, созданной сразу после

создания Академии наук Казахской ССР. В он был преобразован в Отдел уйгуроведения в составе Института языкознания. В становлении и развитии уйгурского языкознания в Казахстане огромный вклад внесли известные казахстанские лингвисты Г.С. Садвакасов, А.Т. Кайдар и Т.Т.Талипов. Благодаря исследованиям этих ученых уйгурское языкознание стало ведущей отраслью уйгуроведения в советском Казахстане.

Ключевые слова: уйгурское языкознание; Казахстан; Отдел уйгуроведения; Г. Садвакасов.

Formation and development of the Uyghur linguistics in Kazakhstan

Arziev Ruslan Uyghurovich

Candidate of sciences (Philology), Associate Professor of the Department «Innovative technologies and methods of teaching of natural-technical disciplines (humanities)», Branch of the «Orleu» Institute of Enhancement of Qualifications. 050019 Republic of Kazakhstan, Almaty, Kabilov St., 50. E-mail: ruslanarziyev@gmail.com.

Abstract. Uyghur linguistics in Kazakhstan was formed on the basis of the works of the Russian and Soviet Turkologists. Since the middle of the last century the center of the Soviet Uyghur studies moved to Kazakhstan. With establishing of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR the Sector of the Uyghur-Dungan culture was set up in that Academy; later it was transformed into the Department of Uyghur studies within the Institute of Linguistics. Such well-known scholars as G.S. Sadvakasov, A.T. Kaidar and T.T. Talipov contributed to the development Uyghur linguistics in Kazakhstan in Soviet times.

Keywords: Uyghur linguistics; Kazakhstan; Department of Uyghur Studies; G.Sadvakasov.